



Автор: Жумаханова Жадыра Турсыновна
Пән: Қазақ әдебиеті
Сынып: 5-сынып
Бөлім: Адамгершілік - асыл қасиет
Тақырып: Марат Қабанбай "Бауыр" әңгімесі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	5.Т/Ж2. Әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау
Сабақтың мақсаты:	- әдеби шығарманың тақырыбын анықтайды; - әдеби шығарманың идеясын айқындайды;
Тілдік мақсаттар:	Сөз тіркестері: Тығыз қара шашы ұсақ-ұсақ бұйра, кең иықты, ешкімге қарызға жауырын сұрай қоймайтын, боз бала. Кейіпкерлер арасындағы диалог.
Күтілетін нәтиже:	Сабақта "Аялдама", "Джиксо" және "BilimLand" ресурстарын еркін қолданып, әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтайды.
Бағалау критерийлері:	-Әңгімені түсініп оқиды; -Қазіргі өмірмен байланыстыра алады; -Әдеби шығарманың тақырыбын анықтайды; -әдеби шығарманың тақырыбын анықтайды
Құндылықтарды дарыту:	Туыстық қарым- қатынас, бауырмашыл болу. Бауыр болу үшін қанның бір болуымен қоса ойдың, жолдың, өскен ортаның бір болуы керектігін оқушы бойына дарыту. Жақындарын бағалау, қадірлеу. Туысқа деген мейірімділік сезімін ояту.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	"BilimLand" ресурстарын еркін қолданып, тапсырмаларды орындау. Конференция арқылы кері байланысқа шығу. компьютер, планшет, смартфон.
Пәнаралық байланыс:	қазақ тілі, бейнелеу өнері (Қали портретін салу)
Бастапқы білім:	Өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау. Бір-біріне сұрақтар қояды. Сыныптастырының пікірін толықтырады. Өз ойымен бөліседі. М.қабанбайдың "пысық болодым , мінекей" "сурет салғым келмейді" әңгімелерін еске түсіру.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (7 минут)	- Бауыр деген кім? Жауап: Бір әкеден туған және жақын туысқан адамдар бауыр деп аталады. Бір әкеден туған ағайын адамдарды туған бауыр, ал әкелері ағалы-інілі болса төте бауыр дейді. -Бауыр мен достың айырмашылығы қандай? Жауап: Ағайын-бауырларда бірге тумақ — бар да, бірге жүрмек жоқ. Достарда бірге тумақ жоқ та, бірге жүрмек — бар. Сондықтан, кейде жақын достарың бауырдың орнын басады. - «Ағасы бардың жағасы бар, Інісі бардың тынысы бар» деген мақалды қалай түсінесіңдер? - Бауырларыңмен қарым-қатынастарың қандай? Мұғалімнің жауабы: Бауыр деген — досың, Бауыр деген — сүйенішің, Бауыр деген — ақылшың, Бауыр деген — қорғанышың, Бауыр деген — сыбайласың, Бауыр деген — ағайының, Бауыр деген — өміріңнің бір бөлігі. Оқушылар бауырдың дос, сүйеніш, ақылшы, қорғаныш, сыбайлас, ағайын, өмірдің бір бөлігі екеніне дәлел келтіре отырып, өз өмірімен байланыстырып жауап береді.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (15 минут)	<p>1-тапсырма. «Аялдама» әдісі. Шығарманың композициялық құрылысына талдау жасау. 1-аялдама. Оқиғаның басталуы – Манаптың балалар үйіне келуі. 2-аялдама. Оқиғаның дамуы – Манап пен Қалидың кездесуі. 3-аялдама. Оқиғадағы шиеленіс – бауырлар арасындағы салқындық. Манаптың ішкі жан күйзелісі. 4-аялдама. Шарықтау шегі – Қалидың әңгімесі, жаттығуға асығуы. 5-аялдама. Оқиғаның шешімі – көңілі алабұртқан Манаптың кейін қайтуы.</p> <p>АКТ қолдану: Онлайнмектеп тапсырмаларын орындау.</p>	
Сабақтың соңы (10 минут)	<p>Топтық жұмыс. «Джиксо» стратегиясы бойынша әңгіме мазмұнымен танысып, тақырыбы мен идеясын анықтау.</p> <p>Марат Қабанбайдың «Бауыр» әңгімесінің тақырыбы – аға мен іні, туыстық, соғыс зардабын тартқан жетімдер тағдыры. Негізгі идеясы – кім болса да көзге көрінбесе, көңілден кетеді, араласпаса, ағайын да жат болады. Адамға бауыр болу үшін қанның бір болуы аз, ойдың, жолдың, өскен ортаның бірлігі керек. Қанша уақыт жалғызсыраған жетім көңіл жылымайды. Автор осы ойлары арқылы оқырманын дер уақытында жақындарын бағалап, қадірлеуге үндейді, бауырларға деген мейірімділік сезімін оятады</p>	
Рефлексия (4 минут)	<p>«Еркін микрофон» әдісі. Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды. Мақсаты: Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады. Тиімділігі: Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды. Саралау: Бұл кезеңде саралаудың «Қорытынды» тәсілі көрінеді.</p>	
Қорытынды. Бағалау. Үй тапсырмасын беру. (4 минут)	<p>«Мадақтау сөз» әдісі. 1-10 баллдық жүйе бойынша бағаланады. 6-тапсырма 119 - бет.</p>	